

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ, «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ
САЛАЛЫҚ КӘСІПТІК ОДАҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ ЖӘНЕ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ САЛАЛЫҚ
ҚАУЫМДАСТЫҚТАР АРАСЫНДАҒЫ
2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН**

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДЕГІ САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, «Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі және төменде қол қойған ауыл шаруашылығы саласындағы салалық қауымдастықтар арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДЕГІ САЛАЛЫҚ КЕЛІСІМ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, «Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі және төменде қол қойған ауыл шаруашылығы саласындағы салалық қауымдастықтар арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешендегі салалық келісім (бұдан әрі – Келісім), бұдан әрі Тараптар деп аталатын атқарушы биліктің мемлекеттік органының атынан Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік), жұмыс берушілердің атынан ауыл шаруашылығы саласындағы жұмыс берушілердің салалық бірлестіктері (қауымдастықтар, одақтар, НАНОЦ" KEAҚ) (бұдан әрі – Жұмыс беруші) және ауыл шаруашылығы, өңдеу, тамақ өнеркәсібі салалары және өзара іс-қимыл жасайтын (аралас) салалардағы Кәсіподақ мүшелері – жұмыскерлердің атынан «Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Кәсіподақ) арасындағы 2024-2026 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешендегі салалық келісімге қол қойылған (бұдан әрі Тараптар) деп аталады.

1.2. Келісім әлеуметтік, еңбек және соған байланысты экономикалық қатынастарды реттеудің жалпы қағидаттарын, Тараптардың өзара міндеттемелері мен жауапкершілігін айқындайды, сала жұмыскерлері үшін заңнамада белгіленгеннен тыс қосымша әлеуметтік және еңбек кепілдіктерін белгілейді және ұжымдық шарттар жасасу үшін негіз болып табылады.

1.3. Осы Келісім Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасының Үкіметі, қызметкерлер мен жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасындағы Бас келісімге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық еңбек ұйымының Конвенцияларына сәйкес жасалды.

1.3.1. Осы Келісімді іске асыру нысандары мыналар болып табылады:

- осы Келісімнің ережелерін іске асыру бойынша ұжымдық келіссөздер;
- Тараптардың агроөнеркәсіптік кешен мен жер ресурстары саласында және өзара іс-қимыл жасайтын (аралас) салаларда әлеуметтік және экономикалық саясатты жоспарлауға қатысуы;
- әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу және сала жұмыскерлерінің құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз ету бойынша өзара консультациялар;
- Жеке еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясы туралы үлгілік ережені бекіту (1-қосымша);
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес туралы үлгілік ережені бекіту (2-қосымша).
- Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор-еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылауды жүзеге асыратын қызметкерлердің өкілі туралы үлгілік ережені бекіту (3-қосымша).

1.4. Осы Келісімнің күші Министрлікке, Жұмыс берушілерге меншік нысандарына қарамастан (ЕҰУ, ММ, АҚ, ЖШС және т.б.) және Кәсіподаққа, онын атынан жасаған кәсіподақ мүшелеріне қолданылады. Кәсіподақ мүшелері болып табылмайтын қызметкерлерге осы Келісімге қосылуы үшін кәсіподақ мүшелері секілді ай сайынғы ерікті жарналардың салымдарын және өтініштері бойынша мүмкін болады.

1.5. Салалық келісімде қабылданған ережелер әлеуметтік әріптестер және Жұмыс берушілерге міндетті болып табылады, сондай-ақ, Ұжымдық шарт және өңірлік келісімдер әзірлегенде нормативтік құқықтық құжат болып табылады.

1.6. Келісім және оған белгіленген тәртіппен қабылданған барлық толықтырулар жұмыскерлердің әлеуметтік және экономикалық қорғалуын төмендету жағына қарай өзгертілмейді.

1.7. Келісімнің қолданылу кезеңінде қабылданған және жұмыскерлердің әлеуметтік және экономикалық жағдайын жақсартатын нормативтік құқықтық актілер Келісімнің тиісті тармақтарының қолданысын оған тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы кеңейтеді.

1.8. Келісім 2024 жылдың қантар айынан бастап күшіне енеді және 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

1.9. Осы Келісім қосымшаларымен бірге қол қойылған күннен бастап он күн ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне хабарламалық тіркеуге жіберіледі.

1.10. Келісімнің қолданылу кезеңінде Тараптардың әрқайсысы оған барлық Тараптардың келісуі бойынша ғана қабылдануы мүмкін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық жасауға құқылы. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды

қоспағанда, Тараптардың ешқайсысы Келісім бойынша міндеттемелерді орындауды біржақты тәртіппен тоқтатуға құқығы жоқ.

2. ТАРАПТАРДЫҢ САЛАДЫҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІКТІ ЖӘНЕ ДИАЛОГТЫ ДАМУЫ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

2.1. Тараптар осы Келісімде көзделген әлеуметтік-экономикалық және еңбек кепілдіктері ұжымдық шарттар жасасу кезінде міндетті болып табылатынын мойындайды.

2.2. Жұмыс беруші кәсіпорындардың тиімді және тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, персоналдың әл-ауқатын арттыру, салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, жұмыскерлерді сауықтыру, олардың білім деңгейін және кәсіби даярлығын арттыру бойынша шаралар қабылдайды.

2.3. Жұмыс беруші мынадай мәселелер бойынша шаралар қабылдайды:

2.3.1. Қажет болған кезде Кәсіподаққа ұйымның еңбек қатынастарына және әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты мынадай мәселелер бойынша ақпарат беру:

- экономикалық және технологиялық жағдайлардың өзгеруіне байланысты ұйымдағы еңбек жағдайларының өзгеруі;

- тұтастай алғанда ұйым жұмыскерлерінің көпшілігінің экономикалық және әлеуметтік-еңбек мүдделерін қозғайтын бөлігінде ұйымның ұйымдастырушылық өзгерістері (қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы).

2.3.2. Жұмыс берушінің Кәсіподақпен келісімі бойынша еңбек құқығы нормаларын, оның ішінде:

- еңбекке ақы төлеу жүйелері туралы;
- ынталандырушы төлемдер туралы;
- еңбек нормаларын қайта қарау туралы;
- ауысым кестесі туралы;
- еңбек жағдайларының өзгеруі туралы;
- демалыс кестесі туралы;
- штаттық кестедегі өзгерістер туралы;
- жұмыскерлерді кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру туралы ережелерді қамтыған актілерін қабылдау.

2.4. Кәсіподақ сала кәсіпорындарының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етеді, жұмыскерлердің еңбек өнімділігіне, тиімділігі мен сапасына, шикізат пен материалдар шығыстарына, энергия ресурстарын үнемдеуіне жауапкершілік деңгейін арттыруға, жұмыскерлердің еңбек құралдарына ұқыпты қарауына, ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік нормаларын сақтауына, еңбек және өндірістік тәртіпті нығайтуға, кадрлардың біліктілігін арттыру, әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясының, корпоративтік ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

2.5. Кәсіподақ мыналарға міндеттенеді:

2.5.1. Еңбек ұжымдарында салауатты және моральдық-психологиялық климатты сақтауға жәрдемдесу, кәсіпорындағы жанжалдарды болдырмау және

еңбек дауларын шешу бойынша шаралар қабылдау. Еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, оларды сотқа дейінгі тәртіппен шешу.

2.5.2. Кәсіподақ мүшелеріне-жұмыскерлерге тегін заң кеңесін беріп, барлық сот инстанцияларында еңбек қатынастары бойынша мүдделерін қорғау.

2.5.3. Осы Келісімнің шарттары орындалған кезде жанжалды жағдайды шешудің ең соңғы шарасы ретінде ереуілдер өткізуге жол бермеу.

2.5.4. Сала кәсіпорындарында Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

2.6. Министрлік Тараптардың сұранымы бойынша саланың әлеуметтік-экономикалық жай-күйіне және дамуына қатысты материалдарды ұсынады, Тараптарды өз іс-шараларына қатысуға шақырады, бірлескен іс-шаралардың әкімшілік қамтамасыз етілуін жүргізеді.

2.7. Тараптар ерекше көзге түскен қызметкерлерді келесі наградаларға ұсынады:

- «Еңбек ардагері» медалімен, «Ауыл шаруашылығы үздігі» ведомстволық белгісімен, Қазақстан Республикасы кәсіподақтарының төбелгілерімен, құрмет грамоталарымен, ақшалай сыйлықтармен және естелік сыйлықтармен марапатталады;

- Тараптар сала қызметкерлерінің ерекше еңбегі үшін өтініш хаты бойынша мынадай наградаларға квотадан артық ұсынады:

- «Еңбек ардагері» медалімен, «Ауыл шаруашылығы үздігі» ведомстволық белгісімен, кәсіподақтар мен Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының төбелгілерімен.

2.8. Тараптар салалық біліктілік шеңберін бекітуге міндеттенеді.

2.9. Тараптар салалық біліктілік шеңбері негізінде кәсіптік стандарттарды әзірлеу, енгізу, ауыстыру және қайта қарау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге міндеттенеді.

3. ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

3.1. Еңбекақы төлеу, көтермелеу төлемдерінің (қосымша ақылар, үстемеақылар, сыйлықақылар және басқалар) нысандары Қазақстан Республикасының заңнамасына, ұжымдық шарттарға сәйкес белгіленеді.

Жұмыскерлердің жоспарлы тапсырмалар мен шарттық міндеттемелерді орындауларына материалдық қызығушылығын күшейту, өндіріс тиімділігі мен өнім сапасын арттыру үшін ұжымдық еңбек шарттарында және Жұмыс берушінің өзге де ішкі құжаттарында жұмыскерлерге жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша және жұмыс өтілі үшін сыйлықақы берудің, сыйақы берудің ынталандырушы жүйелері, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да нысандары көзделуі мүмкін.

3.2. Ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерге еңбекақы төлеу еңбек жағдайлары қалыпты жұмыстарда істейтін жұмыскерлердің еңбекақысымен салыстырғанда жоғары лауазымдық айлықақылар (мөлшерлемелер) немесе қосымша ақылар белгілеу жолымен (1,3 жоғарылататын салалық коэффициентті ескере отырып) жоғары мөлшерде белгіленеді.

3.3. Қызметкердің айлық тарифтік мөлшерлемесінің (айлық ақысының) ең төменгі мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген айлық жалақының ең төменгі мөлшерінен (ЕТЖМ) төмен болмауы тиіс.

3.4. «Маусымдық жұмыстарды орындау үшін шарттық талаптармен тартылатын ұйымдарды қоспағанда, Агроөнеркәсіптік кешендегі І-разрядты жұмыскердің айлық тарифтік мөлшерлемесінің (айлық ақысының) ең төменгі мөлшері ЕТЖМ-ға кемінде 1,2 (арттыру коэффициенті) коэффициенті болуға тиіс.

Жұмысшыларға біліктілік санаттарын беру жұмыскерлердің жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына (бұдан әрі – БТБА) сәйкес, тарифтік коэффициенттер негізінде, сондай-ақ көзделген ұжымдық шарттар негізінде жүзеге асырылады.»

БТБА-ға сәйкес жұмыскерлердің біліктілігі болмаған жағдайда Жұмыс беруші ең төменгі жалақыны есептеу үшін 1,2 коэффициентінің ең төменгі жалақыға дейін төмендеуіне жол бермейді (ең төменгі жалақы мөлшері * 1,2 = АӨК-і қызметкерінің ең төменгі жалақысы).

3.5. Біліктілік санаттары болған жағдайда бірінші және екінші, екінші және үшінші біліктілік санаттары арасындағы салалар бойынша разряд аралық коэффициенттің ең төменгі шегі 1,07-ден кем емес белгіленсін; үшінші және төртінші, төртінші және бесінші, бесінші және алтыншы аралығында – 1,05 кем емес; алтыншы және жетінші, жетінші және сегізінші санаттар арасында – 1,03 кем емес;

Салалық коэффициенттер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген нормаларға сәйкес қауіптілік дәрежесі бойынша жіктелген еңбек жағдайларына сәйкес келетін мөлшерде белгіленеді.

3.6. Жүйелерді құру және өзгерту, жұмысшыларға еңбекақы төлеу мөлшері, материалдық ынталандыру (сыйлықақылар), өтемақы төлемдері, сондай-ақ басқа да төлемдер туралы барлық мәселелер кәсіподақ органымен келісім бойынша шешіледі.

3.7. Жұмыс беруші жыл сайынғы инфляцияны ескере отырып, ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актісінде белгіленген жалақыны индексациялайды.

4. ДЕМАЛЫС УАҚЫТЫ

4.1. Демалыс уақыты заң актілерімен реттеледі. Тамақтануға арналған үзілістер, арнайы үзілістер ұжымдық шартпен реттеледі.

4.2. Жұмыс беруші:

- ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерге өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізіміне, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесіне сәйкес ұзақтығы кемінде күнтізбелік алты күннен он екі күнге дейін болатын;

- бірінші және екінші топтағы мүгедектерге ұзақтығы кемінде күнтізбелік он екі күн болатын қосымша ақы төленетін демалыс береді.

Еңбек, ұжымдық шарттарда жұмыскерлерге ұзақ уақыт үздіксіз жұмысы үшін, маңызды, күрделі, жедел жұмыстарды, сондай-ақ өзге де сипаттағы жұмыстарды орындағаны үшін көтермелеу сипатында жыл сайынғы ақы төленетін қосымша демалыстар белгіленуі мүмкін.

Тараптар меншік нысанына қарамастан барлық қызметкерлерге жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде кемінде бір лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысын төлеуді қамтамасыз етуге уағдаласты.

Сауықтыру жәрдемақысы жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы берілген кезде күнтізбелік жылы бір рет төленеді.

4.3. Ұжымдық және еңбек шарттарында білім беру мекемелерінде оқитын жұмыскерлерге сынақтар, емтихандар тапсыру, дипломдық жұмысты дайындау және қорғау кезеңіне мекеменің анықтама-шақыруында көрсетілген мерзімге ақы төленетін қосымша демалыстар белгіленуі мүмкін. Оқу демалысына ақы төлеу шарттары еңбек және ұжымдық шартпен келісіледі. Бұл ретте ұйым мұқтаж болған бейінді білім беру мекемелерінде оқитын жұмыскерлерге оқу демалысына ақы төлеу жоғары мөлшерде жүзеге асырылуы мүмкін.

4.4. Демалыс күндері кәсіптік даярлаудан, қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өтетін жұмыскерлердің оқуға нақты жұмсалған уақытына ақы төленеді немесе басқа демалыс күндері беріледі.

4.5. Әйелдерге жүктілігі және босануы бойынша демалысқа кетер алдында, егер бұл еңбек шартында, ұжымдық шартта көзделсе, ұзақтығы кемінде күнтізбелік 24 күн қосымша ақы төленетін демалыс беріледі және орташа табысы мөлшерінде төленеді.

5. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

5.1. Сала жұмыскерлерін жұмыспен қамту мақсатында Жұмыс беруші Кәсіподақпен бірлесіп, кадрларды даярлау мен қайта даярлауды ескере отырып, жұмыс орындарын сақтау бағдарламасын әзірлейді.

5.2. Ұйым қайта құрылымдалған, қайта ұйымдастырылған, таратылған, жұмыскерлер саны немесе штат қысқартылған жағдайда, Жұмыс беруші алдын ала, жоспарлы іс-шараларды іске асыру басталғанға дейін кемінде 15 жұмыс күні бұрын босатылатын жұмыскерлерді жұмысқа орналастыру бойынша өзара консультациялар жүргізу үшін Кәсіподақты хабардар етеді.

5.3. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген негізде Жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шарты бұзылған кезде (Жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына әкеп соққан өндіріс, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуі) Жұмыс беруші жұмыскерлерді және Кәсіподақты еңбек шартының бұзылғаны туралы кемінде 15 жұмыс күні бұрын жазбаша хабардар етуге міндетті. Тараптардың келісуі бойынша хабардар ету мерзімі жұмыс істелмеген мерзімге бара-бар жалақы төлеумен ауыстырылуы мүмкін.

Хабарламада Жұмыс беруші еңбек шартын бұзуға негіз болған себептерді көрсетуге міндетті.

5.4. Жұмыс беруші кәсіпорын жұмыскерлерінің жаппай босатылуын болдырмау бойынша шаралар (үш ай ішінде персонал санының 10 пайызынан астамы) қабылдайды, оның ішінде жұмыскерлерді қысқартылған жұмыс аптасына тиісті еңбекақымен ауыстырады не персоналды қайта оқытуды және өзге де шараларды жүзеге асырады.

5.5. Жұмыскерлердің санын немесе штатын қысқарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде жұмыскерлер мен Жұмыс берушілер өкілдерінің тең санынан құрылған комиссияның оң шешімі болмаса, Жұмыс беруші Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша зейнеткерлікке шығу құқығын беретін жасқа толғанға дейін екі жыл бұрын - Зейнетақы алдындағы кезеңде жұмыскерлерді жұмыстан шығарудан тартынады.

5.6. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 1-тармағы 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша еңбек шартын бұзу кезінде жұмыста қалдырудың басым құқығы бар тұлғалар:

- зейнеткерлік жасы алдындағы (зейнетке шығуға екі жыл қалған);
- жүктілік туралы анықтаманы ұсынған жүкті әйелдер;
- үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдер;
- он төрт жасқа дейінгі балалары (он сегіз жасқа дейінгі мүгедек баласы)

бар жалғызділікті аналар;

- аталған санаттағы анасыз балаларды тәрбиелеп отырған өзге де тұлғалар;
- ұжымдық шартта анықталған адамдардың басқа санаттары.

6. КӘСІПТІК ДАЯРЛАУ, ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

6.1. Жұмыс берушілер міндеттенеді:

6.1.1. Қызметкерлерді кәсіби даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру.

6.1.2. Жұмыскерлер босатылған және бір мезгілде жұмыс орындары ашылған жағдайда босатылған жұмыскерлерді жаңа жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру үшін озық оқытуды жүзеге асыру.

6.1.3. Қызметкер біліктілігін арттыру үшін оқуға жіберілген жағдайда жұмыс орнын (лауазымын), жұмыс орны бойынша жалақысын сақтап қалуға және егер қызметкер біліктілігін арттыру үшін басқа жерге жіберілсе, оған іссапар шығыстарын (тәуліктік, оқу орнына бару және кері қайту, тұруға арналған шығыстарды) қолданыстағыларда көзделген тәртіппен және мөлшерде төлеуге қызметтік іссапарларға жіберілетін адамдар үшін заңнамамен.

6.2. Кәсіподақтар жұмыс берушілерге кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау мәселелерінде жәрдемдесуге міндеттеме алады.

7. ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ

7.1. Тараптардың бірлескен іс-қимылдары қызметкерлердің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларына құқығын қамтамасыз етуге, өндірістік жарақаттанудың және қызметкерлердің кәсіптік ауруларының туындауының алдын алатын қазіргі заманғы еңбек қауіпсіздігі құралдарын енгізуге бағытталған.

7.2. Жұмыс берушілер міндетті:

- Салалық, өңірлік келісімдерде және ұжымдық шарттарда айқындалған кәсіптер мен лауазымдар тізбесіне сәйкес қызметкерлерді арнайы киіммен, аяқ киіммен және басқа да жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету.

- Жұмыс берушінің есебінен жеке қорғаныс құралдарын, арнайы киім мен аяқ киімді сатып алуды, сақтауды, жууды, кептіруді, дезинфекциялауды және жөндеуді қамтамасыз ету.

- Жұмыскерлердің кінәсінен емес еңбекті қорғау талаптарын бұзу салдарынан еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау органдары жұмыстарды тоқтата тұру кезінде жұмыскерлердің жұмыс орнын (лауазымын) және орташа жалақысын сақтауға міндетті.

- Жұмыс берушінің еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік талаптарды орындамауы салдарынан оның өмірі мен денсаулығына қауіп төнген кезде қызметкер жұмыстан бас тартқан жағдайда, қызметкерге осындай қауіпті жою уақытында басқа жұмыс берсін не осы себепті туындаған орташа жалақы мөлшерінде қарапайым жалақы төлесін.

- Өндірістік кеңестер бастауыш кәсіподақ ұйымының кәсіподақ комитетінің келісімі бойынша әрбір жұмыс орнына еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлесін және бекітсін.

7.3. Тепе-теңдік негізінде құрылады :

- Өндірістік кеңес;

- Келісім комиссиясы (үлгілік ереже негізінде әрекет ететін және жергілікті жерлерде бекітілген;

- Техникалық инспекторлар туралы ережелер.

7.4. Жұмыс орындарын, оның ішінде мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен аттестаттау нәтижелері және аттестаттау комиссиясының қорытындылары еңбекақы төлеуді негіздеу және еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерге жеңілдіктер мен өтемақылар беру үшін пайдаланылады.

7.5. Тараптар еңбекті қорғау қағидаларының, нормаларының сақталуына әкімшілік-қоғамдық бақылауды күшейту, еңбекті қорғаудың жай-күйіне назар аударуды арттыру, басшыларды, инженерлік-техникалық қызметкерлерді, жұмысшылар мен қызметшілерді, кәсіподақ активін аварияларды болдырмау, қауіпсіздік техникасы нормалары мен қағидаларының бұзылуын уақтылы анықтау және жою, өндірістік жарақаттануды және кәсіптік сырқаттанушылықты төмендету жөніндегі жұмысқа кеңінен тарту үшін:

- жеңімпаздарды ведомстволық наградалармен, ақшалай сыйлықтармен және т. б. марапаттай отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша республикалық қоғамдық байқау-конкурс өткізуді ұйымдастырады.;

- қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасау, қызметкерлерге тұрмыстық және медициналық қызмет көрсету деңгейін арттыру бойынша озық ұжымдардың тәжірибесін тарату.

7.6. Кәсіподақтар міндетті:

- Кәсіподақ мүшелері мен қосылған қызметкерлер үшін дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру.

8. ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР

8.1. Меншік нысанына қарамастан (ЕҰУ, ММ, АҚ, ЖШС және т.б.) қызметкерлерге ұжымдық және еңбек шарттары шеңберінде еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған кәсіптік ауру бойынша айлық жәрдемақыға қосымша төлемдер көзделуі мүмкін, бұл ретте жәрдемақы оның орташа жалақысының мөлшерінен аспауға тиіс.

8.2. Жұмыс беруші өзінің қаржылық мүмкіндігіне қарай мәдени-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын жүргізуге кәсіпорын кәсіподағына еңбекақы төлеу қорының кемінде 0,2% мөлшерінде қаражат бөледі.

8.3. Жұмыс берушілер Кәсіподақпен бірлесіп жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелеріне, еңбек ардагерлеріне, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге, оның ішінде материалдық көмек түрінде атаулы әлеуметтік қолдау көрсетеді; балалардың Жаңа жылдық сыйлықтарын төлейді, санаторий-курорттық емделуге және қала сыртындағы балалар сауықтыру лагерлеріне жеңілдікті жолдамалар бөледі; қайтыс болған жұмыскерлерді, зейнеткерлер мен кәсіпорын ардагерлерін жерлеуге көмек көрсетеді, осы мақсаттарға көзделген ұйымның қаражаттары жұмсалады. Атаулы әлеуметтік қолдау мен төлемдердің мөлшері мен тәртібі ұжымдық шарттарда айқындалады.

8.5. Жұмыс беруші жұмыскерлерге жалақысы сақтала отырып, мынадай жағдайларда күнтізбелік 5 күнге дейін демалыс береді:

- бала туылған кезде;
- некесін тіркеу;
- жақын туыстары қайтыс болған жағдайда;
- ұжымдық және еңбек шарттарында көзделген өзге де жағдайларда.

8.6. Ұжымдық шартта көзделген жағдайда республикалық мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік мекеменің кәсіподақ мүшелері үшін кәсіподақ мынадай жағдайларда күнтізбелік 5 күнге дейінгі демалысты төлей алады:

- некені тіркеу;
- жақын туыстары қайтыс болған жағдайда.

8.6.1. Жұмыс беруші жүкті әйелдің, үш жасқа дейінгі баласы (балалары) бар ата-анасының (бала асырап алушының) біреуінің жазбаша өтініші бойынша оларға толық емес жұмыс уақыты режимін ұсынады.

8.6.2. Жұмыс беруші келесі қызметкерлердің жазбаша келісімінсіз түнгі уақытта жұмысқа тартуға құқылы емес:

- медициналық қорытындыға сәйкес денсаулық жағдайы бойынша оларға мұндай жұмысқа тыйым салынған жағдайда мүгедек қызметкерлерге;
- жеті жасқа дейінгі балалары бар әйелдер және жеті жасқа дейінгі балаларды анасыз тәрбиелеп отырған басқа адамдарды;
- он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған қызметкерлерді.

8.6.3. Қызметкер вахталық әдіспен жұмысқа олардың жазбаша келісімінсіз мынадай қызметкерлерді тартпауға тиіс:

- он сегіз жасқа дейін;
- жүктілік мерзімі он екі және одан да көп аптаға созылатын жүкті әйелдерді;
- мүгедектердің бірінші тобы (медициналық қорытынды болған жағдайда).

8.7. Ұйымның ұжымдық шартында айтылған талаптарға сәйкес жұмыс беруші салалық кәсіподақтың "Еңбек даңқы" төбелгілерімен үш дәрежелі наградталған қызметкерге өзінің қаржылық мүмкіндігіне қарай айына бес ең төменгі есептік көрсеткіш мөлшерінде өз қаражатынан қосымша ақы белгілейді.

8.8. Ұжымдық шартта айтылатын талаптарға сәйкес, өзінің қаржылық мүмкіндігіне қарай, Жұмыс беруші, I дәрежелі «Еңбек даңқы» салалық кәсіподағының белгілерімен наградтау кезінде -150 мың теңгеге дейін, II дәреже үшін-100 мың теңгеге дейін және III дәреже үшін-50 мың теңге сомасында біржолғы сыйлықақы береді.

9. КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС

9.1. Жұмыс беруші кәсіподақпен бірлесіп саланың кәсіпорындары мен ұйымдарында жас қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын күшейту мақсатында шаралар қабылдайды:

- жұмыспен қамту бағдарламаларын іске асыру шеңберінде-жастар үшін жаңа жұмыс орындарын құру бойынша;
- жұмыс тәжірибесін есепке алмай, жастарды жұмысқа орналастыру бойынша;
- өзінің қаржылық мүмкіндігіне қарай сала студенттері үшін өндірістік практикаға ақы төлеу бойынша;
- жас қызметкерлердің кәсіби даярлық деңгейін арттыру бойынша;
- жастарды кәсіпорынның қоғамдық өміріне белсенді қатысуға тарту бойынша;
- кәсіпорында жұмысшы кадрларды даярлау бойынша (тәлімгерлік институты, жеке оқу орталықтары);

9.2. Ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасу кезінде тараптарға жастар қатарындағы жұмыскерлердің әлеуметтік, еңбек және соған байланысты экономикалық құқықтарын қорғау жөніндегі Ережелерді көздеу ұсынылады:

- жастар арасынан басшылық лауазымдарға резервті қалыптастыру және оқыту;

- жас жұмысшыларды кәсіби біліктілігін арттыруға және мансаптық өсуге ынталандыру;

- тәлімгерлерді Сала кәсіпорындарында жұмыс істеген бірінші жылы жастар қатарындағы қызметкерлерге бекітіп беру, тәлімгерлерге ұжымдық шартта айқындалған шарттарда жастармен жұмыс істегені үшін қосымша ақы белгілеу;

- жұмысқа алғаш кірген жастар қатарындағы жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау шараларын бекітуге атсалысу;

- жастардың бос уақытын, дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмыстарын ұйымдастыру бойынша белсенді іс-шаралар.

9.3. – «Мамандығы бойынша үздік», «Үздік жас рационализатор», «Үздік жас маман» және т. б. атағына кәсіби шеберлік байқауларын өткізу бойынша.

9.4. Үздік бригадаларды, еңбек ұжымындағы ауысымдарды қолдау бойынша қаржыландыруды бөлуге жәрдемдесу және кәсіби конкурстар мен байқаулардың жеңімпаздарын көтермелеуге жәрдемдесу.

9.4.1. Мүмкіндігінше сала қызметкерінің оң имиджін қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды және қаржыландыруды қамтамасыз ету.

9.4.2. Тараптарға жас жұмысшы кадрларды қолдау мақсатында олардың еңбегін ынталандыру тетіктерін, әсіресе жұмыстың алғашқы 3 (үш) жылы ішінде қарастыру ұсынылады.

9.4.3. Тараптар Агроөнеркәсіптік кешенде жастар саясатын іске асыруды, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жастардың әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз етуді бірлескен қызметтегі басым бағыттар деп санайды.

10. КӘСІПОДАҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕПІЛДІКТЕРІ

10.1. Кәсіподақтың (Салалық кеңестің, облыстық филиалдың, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша филиалдардың және жергілікті кәсіподақтардың) басшы органдарының өкілдері жұмыс берушімен келісім бойынша Келісімде көзделген міндеттемелерді орындау үшін кәсіпорындарға, жұмыс орындарына, әлеуметтік объектілерге баруға құқылы.

10.2. Кәсіподақ мүшелері болып табылатын қызметкерлердің жазбаша өтініштері болған кезде жұмыс беруші ай сайын кәсіподақ ұйымының шотына қызметкерлердің жалақысынан мүшелік кәсіподақ жарналарын толық көлемде аударады.

10.3. Жұмыс беруші негізгі жұмысынан босатылмаған сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелерін кәсіподақтың оқуы кезінде, еңбек міндеттерін орындаудан, кәсіподақтардың шақыратын съездеріне (конференцияларға) делегат ретінде қатысуға, сондай-ақ олардың Атқару комитеттері мен Кеңестерінің жұмысына босатылады.

Кәсіподақ органдарының басқа мүшелерінің, еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспекторлардың, ұйымда құрылатын еңбекті қорғау жөніндегі комитеттегі (комиссиядағы) кәсіподақ өкілдерінің негізгі жұмыстан босату

шарттары мен кәсіподақ міндеттерін орындау уақытына ақы төлеу тәртібі ұжымдық шартта айқындалады.

Сайланбалы лауазымдарға сайлау салдарынан жұмыстан босатылған адамдардың сайланбалы лауазымдағы жұмыс кезеңінде жұмыс орны (лауазымы) сақталады.

10.4. Жұмыс беруші орташа жалақысын сақтайды және кәсіподақ өкілі жазатайым оқиғаларды тергеу жөніндегі комиссияның мүшесі болып табылатын жағдайларда, өндірістегі жазатайым оқиғаны тергеу жөніндегі комиссияға, сондай-ақ еңбек дауларын қарау жөніндегі комиссияның жұмысына, басқа да іс-шараларға қатысу үшін босатылған кәсіподақ өкілдеріне басқа жерге іссапар бойынша шығыстарды төлейді.

11. КЕЛІСІМНІҢ ОРЫНДАЛУЫН ІСКЕ АСЫРУ, БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

11.1. Осы Келісімге қол қойылғаннан және тіркелгеннен кейін тараптар оның Министрліктің Интернет-ресурстарында және (немесе) салалық басылымдарда жариялануын бес жұмыс күні ішінде қамтамасыз етеді.

11.2. Министрлік, Кәсіподақ және жұмыс беруші осы Келісімнің орындалуын бақылауды жүзеге асырады, осы мақсатта Тараптардың тең өкілдігінен салалық үшжақты комиссия құрады.

11.3. Келісімді орындау қорытындылары салалық комиссияның отырысында жылына кемінде екі рет шығарылады. Қорытындылар туралы ақпарат Тараптардың ақпараттық ресурстарында орналастырылады.

11.4. Тараптардың бірі осы Келісімнің қабылданған тармақтарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, екінші Тарап оған қолда бар бұзушылықтар бойынша жазбаша ұсыныс жіберуге құқылы. Тарап мұндай хатты алған күннен бастап он күн мерзімнен кешіктірмей мәселенің мәні бойынша өзара консультациялар жүргізуге міндетті. Өзара консультациялар барысында қабылданған шешімдер жазбаша ресімделеді және барлық тараптар үшін міндетті күшке ие болады. Тараптар арасында келісімге қол жеткізілмеген кезде келіспеушіліктер хаттамасы жасалады, содан кейін даулы мәселелер қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешіледі.

11.5. Келісім Тараптардың әрқайсысының бір данасы бойынша бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада жасалды және қол қойылды.

Әлеуметтік әріптестік тараптарының қолдары

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінен



«Ауыл шаруашылығы және жануарлық кәсіпкерлік» қорынан




«Қазақстан фермерлер қауымдастығы»



«Қазақ мақта қауымдастығы» ЖТ бірлестігінен



«Қазақстанның егіншілер одағы» ЖК және ЖТ бірлестігінен



«Қазақстанның құс өсірушілер одағы» ЖТ бірлестігінен



«Қазақстанның жұмыртқа өсірушілер қауымдастығы» одағы түрінде ЖТ бірлестігінен



«Қазақстанның ет одағы» ЖТ бірлестігінен



«Қазақстанның ет-сүт одағы» қауымдастық нысанындағы ЖК және ЖТ бірлестігінен



«Қазақстанның сүт одағы» ЖТ бірлестігінен



«ҰНТУМАҚ» Қазақстандық сапалық кәсіпкерлік қызметкерлерінің кәсіптік одағы» РҚ бірлестігінен



Бұл еңбек және халықаралық әлеуметтік қорғау министрлігінде 2023 жылғы 29 желтоқсанда №01 тіркелді. Б.Бердұшев

**Жеке еңбек даулары жөніндегі
келісу комиссиясы туралы
үлгілік ереже**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже _____ / жұмыс берушінің толық атауы (бұдан әрі – Жұмыс беруші) мен жұмыскерлер ұжымының (бұдан әрі – Жұмыскер) Жұмыскер мен Жұмыс берушінің арасындағы өзара бірлесіп құрылған жеке еңбек дауларын реттеу үшін жеке еңбек даулары жөніндегі келісім комиссиясының құзыретін, оны қалыптастыру және оның жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

1.2. Осы Ереже 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес әзірленді.

1.3. Келісу комиссиясын қалыптастыру тәртібі, оның құзыреті және шешімдер қабылдау тәртібі ұжымдық шартта және осы Ережеде айқындалады.

1.4. Келісім комиссиясының шешімі еңбек дауы тараптары үшін міндетті болып табылады.

1.5. Келісу комиссиясының мүшелері жеке еңбек дауын келіссөздер сатысында шешу үшін барлық шараларды қабылдауға міндетті.

2. Келісім комиссиясын ұйымдастыру

2.1. Жеке еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) тепе-тең негізде еңбек ұжымының жалпы жиналысында жұмыскерлер мен жұмыс беруші өкілдерінің тең санынан құрылады, құрамында _____ адам.

2.2. Комиссия мүшелері болып атқаратын лауазымына, орындайтын жұмысына қарамастан _____ / ұйымның толық атауы/ жұмыскерлері сайлана алады. Бұл ретте комиссия мүшелеріне кандидаттыққа ұсынылатын жұмыскерлер әлеуметтік тұрғыдан жауапты болуы, жағымды беделі және еңбек мәселелері бойынша тәжірибесі болуы, оның ішінде Қазақстан Республикасының еңбек және өзге де нормативтік құқықтық актілерін білуі тиіс.

2.3. Комиссияның сандық құрамы және оның өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және шешімдер қабылдауы ұжымдық шартта және осы Ережеде айқындалады.

2.4. Комиссия мүшелері бірінші ұйымдастыру отырысында дауыс беру жолымен өз құрамынан төрағаны, оның орынбасарын және хатшыны сайлайды. Комиссия төрағасы, төрағаның орынбасары және хатшы, егер оларға Комиссия мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, сайланды деп есептеледі.

2.5. Комиссияның ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етілуін (жабдықталған үй-жайды, ұйымдастыру техникасын, қажетті әдебиетті беру, іс жүргізуді ұйымдастыру, тараптардың өтініштерін есепке алу және сақтау, шешімдердің көшірмелерін дайындау және беру және т.б.) Жұмыс беруші жүзеге асырады.

2.6. Комиссияның өз мөрі болуы мүмкін. Оны дайындауға қаражатты Жұмыс беруші бөледі.

3. Комиссияның құзыреті

3.1. Комиссия Жұмыскер мен Жұмыс берушінің арасындағы еңбек қатынастары процесінде туындайтын жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

3.2. Комиссияға мәлімделген Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша Жұмыскер мен Жұмыс берушінің арасындағы реттелмеген келіспеушіліктер жеке еңбек даулары деп танылады.

3.3. Комиссия мынадай еңбек дауларын қарай алады:

- жалақы бойынша берешекті өндіріп алу туралы;
- еңбек шартының талаптарын өзгерту туралы;
- тәртіптік жаза қолдану туралы;
- жұмысқа қайта алу туралы;
- Еңбек кодексінің нормаларында, келісімдерде, еңбек және ұжымдық шарттарда көзделген кепілдіктер мен өтемақылар туралы;
- жалақыдан ұстап қалу туралы;
- шешілуі сот құзыретіне жатқызылған даулардан басқа, өзге де даулар.

4. Комиссияға жүгіну тәртібі

4.1. Келісу комиссиясына жүгінуге Жұмыс берушілер мен Жұмыскерлердің құқығы бар.

Егер Жұмыскер мен Жұмыс беруші келіспеушіліктерді тікелей келіссөздер кезінде дербес реттемесе, еңбек дауы комиссияда қаралуы тиіс.

4.2. Еңбек қатынастарының тараптары еңбек дауының мәнін баяндалатын өтінішпен Комиссияға жүгінеді. Өтініш қолма-қол немесе почта арқылы, факспен немесе басқа қол жетімді жолмен жіберілуі мүмкін.

Комиссияға келіп түскен өтініш Комиссия хатшысы жүргізетін арнайы журналда міндетті түрде тіркелуі тиіс.

5. Комиссияның еңбек дауын қарау тәртібі

5.1. Дау өтініш берушінің және (немесе) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес өзіне берілген өкілеттіктер шегінде ол уәкілеттік берген өкілдің қатысуымен қаралады.

5.2. Комиссия дауды Комиссия хатшысы өтінішті тіркеген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға міндетті.

5.3. Комиссия Жұмыскер мен Жұмыс берушіні Комиссия отырысының өтетін орны, күні және уақыты туралы уақтылы хабардар етеді.

Жұмыскер/Жұмыс беруші немесе оның уәкілетті өкілі көрсетілген Комиссияның отырысына келмеген жағдайда, еңбек дауын қарау кейінге қалдырылады. Дауды қарау күнінің ауыстырылғаны туралы Жұмыскер/Жұмыс беруші немесе оның уәкілетті өкілі уақтылы хабардар етіледі. Жұмыскер/Жұмыс беруші немесе оның өкілі дәлелді себептерсіз екінші рет келмеген жағдайда, Комиссия мәселені шақыру қағазынан алып тастау туралы шешім шығаруы мүмкін, бұл Жұмыскерді/Жұмыс берушіні еңбек дауын қарау туралы өтінішті өтініш жасауға белгіленген мерзім шегінде қайтадан беру құқығынан айырмайды.

Дауды Жұмыскердің/Жұмыс берушінің немесе оның өкілінің қатысуынсыз қарауға оның жазбаша өтініші бойынша ғана жол беріледі.

5.4. Жұмыскер/Жұмыс беруші Комиссия отырысы басталғанға дейін өзінің өтінішін кері қайтарып ала алады немесе қойылатын талаптардан тікелей Комиссия отырысында бас тарта алады.

5.5. Комиссияның отырысы, егер оған әрбір Тараптан Комиссия мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды болып табылады.

5.6. Комиссия төрағасы отырысты ашады және қаралатын өтініштің мәні туралы хабарлайды.

Хатшы қаралатын дау бойынша шақырылған адамдардан кімнің келгенін, келмеген адамдарға хабарланғанын және олардың болмау себептері туралы қандай мәліметтердің бар екенін Комиссияға баяндайды.

Тараптар Комиссия отырыстарына Комиссия мүшелері, куәгерлер болып табылмайтын ұйым мамандарын істің мән-жайларын анықтау үшін шақыруға, Жұмыс берушіден/Жұмыскерден еңбек дауын қарау үшін қажетті құжаттарды талап етуге құқылы. Комиссияның қажетті құжаттаманы белгілі бір мерзімде беру туралы талабы Жұмыс берушілер мен Жұмыскерлердің барлық санаттары үшін ұйымның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен міндетті түрде орындалуы тиіс.

5.7. Еңбек даулары жөніндегі комиссияның отырысында Комиссия хатшысы хаттама жүргізеді, онда:

- отырысты өткізу күні мен орны;
- Жұмыскердің, Жұмыс берушінің, куәлардың, мамандардың келгені немесе келмегені туралы мәліметтер;
- Жұмыскер өтінішінің қысқаша мазмұны;
- тараптардың қысқаша түсініктемелері, куәгерлердің, маманның айғақтары;
- Жұмыскер немесе Жұмыс берушінің жасаған қосымша мәлімдемелері;
- жазбаша дәлелдемелер ұсынуы;
- Комиссияның талқылау нәтижелері;
- дауыс беру нәтижелері.

Хаттамаға Комиссияның төрағасы мен хатшысы немесе төраға болмаған кезде оның орынбасары қол қояды және бар болса Комиссия мөрімен расталады.

6. Комиссияның шешімінің мазмұны және оны қабылдау тәртібі

6.1. Еңбек даулары жөніндегі комиссия отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы шешім қабылдайды.

Дауыс беру кезінде Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болса, онда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

6.2. Комиссияның шешімі оны басқаша түсіндіруге немесе оны орындаудан жалтаруға мүмкіндік бермейтін үзілді-кесілді және нақты нысанда көрсетілуі тиіс. Ақша талаптары туралы шешімде нақты сома көрсетіледі.

6.3. Комиссияның шешімі кіріспе, сипаттау, уәждеме және қарар бөліктерін қамтиды.

Шешімнің кіріспе бөлігінде Комиссия шешімінің қабылданған күні мен орны, шешім қабылдаған Комиссияның атауы, Комиссияның құрамы, Комиссияның хатшысы, тараптар, іске қатысатын басқа да адамдар, олардың өкілдері, даудың нысанасы немесе мәлімделген талап көрсетілуі тиіс.

Комиссия шешімінің сипаттау бөлігінде Жұмыскердің/Жұмыс берушінің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің талаптары, Жұмыскердің/Жұмыс берушінің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің наразылықтары және іске қатысатын басқа тұлғалардың түсініктемелері көрсетілуі тиіс.

Комиссия шешімінің дәлелдеу бөлігінде Комиссия белгілеген істің мән-жайлары; осы мән-жайлар туралы Комиссияның тұжырымдары негізделген дәлелдемелер; Комиссия қабылдамайтын қандай да бір дәлелдемелерге дәлелдер; Комиссия басшылыққа алған нормативтік-құқықтық актілер көрсетілуі тиіс.

Комиссия шешімінің қарар бөлігінде талаптарды қанағаттандыру туралы не талаптарды толық немесе ішінара қанағаттандырудан бас тарту туралы Комиссияның тұжырымдары, Комиссия шешіміне шағым жасаудың мерзімі мен тәртібі қамтылуы тиіс.

6.4. Шешімге Комиссияның төрағасы мен хатшы қол қояды және мөрмен расталады.

6.5. Еңбек даулары жөніндегі комиссия шешімінің тиісті түрде куәландырылған көшірмелері Комиссия шешім қабылдаған күннен бастап үш күн ішінде Жұмыскерге және Жұмыс берушіге тапсырылады.

6.6. Жұмысқа қайта алу туралы дауды қоспағанда, Комиссия шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіппен орындалуы тиіс.

6.7. Комиссия шешімі белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда, Жұмыскер немесе Жұмыс беруші заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

6.8. Еңбек даулары жөніндегі комиссияның шешіміне Жұмыскер немесе Жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасай алады.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Еңбек даулары жөніндегі комиссия мүшелеріне Комиссияның жұмысына қатысу үшін негізгі жұмысынан бос уақыт беріледі. Еңбек даулары жөніндегі комиссия мүшелеріне жұмыстан бос уақыт беру Жұмыс берушінің бұйрығымен ресімделеді.

7.2. Осы Ережеге қосымшалар:

- №1-қосымша – Өтініштерді тіркеу журналының нысаны;
- № 2-қосымша – Комиссия отырысы хаттамасының нысаны;
- № 3-қосымша – Комиссия қабылдайтын шешімнің нысаны.

Жұмыскердің өтінішін тіркеу журналы

Кіріс №	Өтініштің келіп түскен күні	Өтініш берушінің Т.А.Ә. лауазымы	Өтініштің мәні	Істің №	Өтінішті қарау күні	Шешім қабылдау күні	Шешімнің мәні	Өтініш берушінің шешімді алған күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9

2-қосымша

Комиссия отырысының хаттамасы

_____ к.

20__ж. «__» _____

Жеке еңбек даулары жөніндегі келісу комиссиясы _____ құрамы:
 төрағалық етуші _____

Комиссия мүшелері: _____

Комиссия хатшысы: _____

жұмыскер _____

Жұмыс берушінің өкілі _____

куәгер _____

мамандар (сарапшылар) _____

отырыста Жұмыскер өтініші бойынша істі қарады _____

Комиссия отырысына қатысып отырғандар:

Өтініш беруші (өтініш берушінің өкілі) _____

Жұмыс берушінің өкілі: _____

Куәгер _____

Маман (сарапшы) _____

Отырыс _____ сағ. _____ мин. ашылды

Отырысты төрағалық етуші, қандай іс қаралуы тиіс екенін, Комиссия құрамын жариялады, отырыс хаттамасын Комиссия хатшысы _____ жүргізетіні жарияланды.

Өтініш беруші өз талаптарын өтінішке сәйкес баяндады. **Өтініш берушінің түсініктемесі:**

Жұмыс берушінің мүддесін қорғаушы өкілі өзінің қарсы пікірін баяндады, сондай-ақ Комиссияға, Өтініш берушіге **өтінішке пікірін** ұсынды. Жұмыс беруші мүдделері өкілінің **түсініктемесі:**

Куәгер _____ мыналарды түсіндірді:

Маман (сарапшы) _____ мыналарды түсіндірді:

Төрағалық етуші жазбаша материалдарды жария етті және оларды зерттеді.

Екі жақтың пікірсайысы болып өтті, тараптар пікір алысты.

Төрағалық етуші істі мәні бойынша қараудың аяқталғаны туралы хабарлады.

Дауыс беру нәтижелері: жақтаушы _____ қарсы _____.

Комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері бойынша іске қатысушы тұлғаларға шешімнің қорытынды бөлімі жарияланды.

Төрағалық етуші жеке еңбек дауы тараптарының өкілдерін олар шешімді 20__ жылғы «__» _____ сағ. _____ соң алуға құқылы екенін хабарлады.

Іске қатысушы тұлғалардың өкілдеріне шешімге шағымдану тәртібі түсіндірілді.

Отырыс _____ сағ. _____ мин. аяқталды. Хаттама 20__ жылғы «__» _____ жасалды.

Комиссия төрағасы _____

Комиссия мүшелері:

Комиссия хатшысы _____

Шешім

_____ қаласы 20__ ж. «_____» _____

Жеке еңбек даулары бойынша келісу комиссиясы _____ құрамы:
төрағалық етуші _____
Комиссия мүшелері:

Комиссия хатшысы:

_____ өтініші бойынша істі қарап

Анықтады:

Баяндалғанның негізінде және ҚР Еңбек кодексінің 159, 160, 161-баптарын басшылыққа алып

Шешті:

Комиссия төрағасы:
Комиссия мүшелері:

Көшірме дұрыс.
Шешім заңды күшіне енді:

Комиссия төрағасы:
Комиссия хатшы

Бекітемін:
Мекеме (ұйым) басшысы

кәсіподақ ұйымының төрағасы

201_жылғы «__»_____

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес туралы үлгілік ереже

(кәсіпорынның /ұйымның атауы/)

1. Жалпы ережелер

1.1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес (бұдан әрі – Кеңес) туралы ереже жұмыс берушінің, жұмыскерлердің, кәсіподақтың еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жаракаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу, жұмыскерлердің денсаулығын сақтау жөніндегі бірлескен іс-қимылдарын ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес әзірленді.

1.2. Кеңес жұмыс берушінің бастамашылығы бойынша және (немесе) жұмыскерлердің /кәсіподақтың/бастамашылығы бойынша құрылады.

1.3. Кеңестің құрамына тепе-теңдік негізде жұмыс берушінің өкілдері, жұмыскерлердің өкілдері кіреді. Өкілдіктің саны тараптардың келісімімен айқындалады. Тараптардың әрқайсысы кеңес құрамынан өз өкілін қайтарып алуға құқылы.

Кеңес құрамына жұмыскерлерден міндетті түрде еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор енгізіледі.

1.4. Кеңесті 2 жыл мерзімділікпен ротациялық негізде осы кеңестің мүшелері арасынан кеңес мүшелері сайлайтын төраға, сондай-ақ еңбекті қорғау қызметінен Кеңестің хатшысы басқарады.

1.5. Кеңес жұмысы әлеуметтік әріптестік қағидаттарында құрылады. Кеңестің шешімдері жұмыс беруші мен жұмыскерлер үшін міндетті болып табылады.

1.6. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, әлеуметтік әріптестік туралы келісімдерді, ұжымдық шартты, жұмыс берушінің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелері жөніндегі жергілікті актілерін басшылыққа алады.

1.7. Кеңес мемлекеттік еңбек инспекциясымен, сондай-ақ кәсіподақтың еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекциясымен өзара іс-қимыл жасайды.

1.8. Кеңес өз қызметін төраға бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңестің отырысы, егер оған тараптардың әрқайсысынан оның мүшелерінің көпшілігі қатысса, заңды деп есептеледі. Кеңес шешімдері хаттамамен ресімделеді.

1.9. Кеңес мүшелері осы Ережеде және Кеңестің жұмыс жоспарында көзделген міндеттерді орындау уақытында, сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі оқу уақытында жұмыс берушінің шешімі бойынша ұжымдық шартта көзделген мерзімге негізгі жұмысты орындаудан босатылады.

1.10. Кеңес жылына кемінде екі рет еңбек ұжымы жиналысының алдында атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

2. Кеңестің міндеттері

2.1. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелері бойынша ұйымдастырушылық және өзге де іс-шараларды келісу. Еңбекті қорғаудың мемлекеттік нормативтік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіби сырқаттанушылықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралардың перспективалық және ағымдағы жоспарларын әзірлеу.

2.2. Тараптарға жұмыскерлерді жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі, денсаулығына зақым келу қаупі туралы, жұмыскерлерге зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмысы үшін тиесілі өтемақылар, жеке қорғану құралдары туралы хабардар етуге жәрдемдесу.

2.3. Тексерулерді ұйымдастыру мәселелерін, жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйін келісу, еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды жақсарту жөніндегі тексерулердің нәтижелері бойынша жұмыс берушіге ұсыныстар дайындау.

2.4. Жұмыс берушіге еңбекті қорғау бойынша оқытуды, жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдерін ұйымдастыру бойынша, сондай-ақ білімді, еңбекті қорғау талаптарын тексеруді ұйымдастыру және белгіленген тәртіппен еңбекті қорғау бойынша нұсқамалар жүргізу бойынша жәрдем көрсету.

3. Кеңестің функциялары

